

**"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері" туралы
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысына
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 14 сәуірдегі № 236 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері" туралы
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысына
мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар
министрлігі туралы ережеде:

16-тармақта:

165) тармақша алып тасталсын;

168) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 171-1) және 171-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"171-1) азаматтық қорғау органдарының қызметкерлерін жоспардан тыс
аттестаттаудан өткізу тәртібін, кезеңдерін және мерзімдерін бекітеді;

171-2) психологиялық-әлеуметтанушылық зерттеу жүргізудің тәртібі мен әдістерін
құқық қорғау органдарының басшыларымен бірлесіп бекітеді;"

175-8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"175-8) азаматтық қорғау органдарына қызметке кандидаттың кәсіптік құзыреттерін
, негізгі көрсеткіштерін айқындау және бәсекеге қабілеттілік көрсеткішін (цифрлық
рейтингін) есептеу тәртібі мен әдістерін бекітеді;"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов